

БӨЛІМ: ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

Рухты, мықты қазақпын!

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/53451/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Астана қаласы №74 мектеп-гимназиясында өзін-өзі тану пәнінен сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырған болатынын. Елбасы жолдауындағы маңызды мәселенің бірі «Рухани жаңғыру» аясында өткізілген жүздесу «РУХТЫ, МЫҚТЫ ҚАЗАҚПЫН!» деп аталды.

Іс-шараның мақсаты: Мектеп оқушыларының поэзияға деген қызығушылықтарын арттыру, жалынды жырларды оқып, жаттау арқылы намыс, рух жайлы көзқарастарын дамыту, Отанын, тілін сүйеге тәрбиелеу.

Бұл әдеби-сазды кездесуімізде Торғайлық ақын Саят Әбенов қонақта болды.

Сахнадағы үлкен экранда С.Әбеновтың суреті мен кездесу тақырыбы жазылған слайд ақынның «Өлшеулі өмір» туындысымен сазды көмкеріліп, іс-шараны айшықтап тұрды.

Ақпан айында Саят ақын орда бұзар отызға толған болатын. Құттықтап, қошемет көрсетілді.

Қыс мезгілі, тағдыр мұзы қатқанда,
Сіз тоғызы, мен оныншы ақпанда
Туылыппын бір күн өтіп арада,
Мен үшін де одан артық бақ бар ма.
Жаным сыздап қалың ойға батқанда,
Не болмаса ғашық болған шақтарда.
Ұйықтамай жырыңызды оқыдық,
Аққулардай әлем ұйықтап жатқанда.
Еліктесек өзіңізге заңдылық,
Сіз тұрғанда «ақынмын» — деу әңгүдік.
Саят Әбен — бүгін барда ертең жоқ,
Мұқағали Мақатаев — мәңгілік»

— деген өзінің өлеңін оқыған 5-сынып оқушысына ақын риза көңілін білдірді.

Оқушылар өздерінің сүйікті ақынының өлеңдерін бірінен соң бірі шығып, жатқа оқыды. Әсіресе мынадай рухты өлеңдерін оқыған шәкірттер көпшіліктің көңілін көтерді:

*Мен — Қазақпын, ескертем,
Біздей емес еш мекен.
Жерімізде бірнеше,
Өзге ұлттар жүр неше?
Тартып жүрсін табанын,
Тарихымды білмесе. Немесе:*

***Біз қазақпыз құштар мынау өмірге,
Тарих жатқан жүрегінің төрінде.
Желтоқсанның желі тұрған күннен-ақ,
Көк байрағы желбіреген көгінде.*** Немесе:

*Әкең - қазақ, шешең - қазақ, қарағым,
Қу қытайдың қай жеріне қарадың?
Туғаныңды сатып кету - арсыздық,
Туған жерге тиіп тұрып табаның.*

Ақынның сөзіне жазылған, соңғы кезде хитқа айналған Қайрат Нұртастың орындауындағы «Жүрегіңнен бір орын бер», Нұрмұхаммед Жақыптың орындауындағы «Кешірімді болайық!», «Өлшеулі өмір» әндерін оқушылар экраннан тыңдап, бірге шырқады.

Кездесу барысында оқушылар ақынға өздерінің сауалдарын қойып, мән мағынаға толы жауаптар алып, риза болысты. Соның ішіндегі: «Тапсырыспен өлең жазасыз ба?», «Мектептегі, өмірдегі ұстаздарыңыз туралы айтсаңыз?», «Қазіргі қоғамда көңіліңізден шығатын, және, керісінше, қынжылтатын не?» деген сұрақтарға ақын арқаланып жауап бере отырып, оқушыларды осындай терең ойлы, саяси тұрғыдағы мәселелер толғандыратынына өз ризашылығын білдірді. Кейбір оқушылар бұл кісіні бұрын танымағандығын, мына кездесуден кейін өзінің сүйікті ақыны болатынын қуана жеткізді.

Кеш соңында ақын Саят Әбенев өзінің жүрекжарды тілектерін ұйымдастырушылар мен оқушыларға өлең шумақтарымен жолдады. Кеш барлық көрермендердің жүрегінде керемет әсерін қалдырды.

Мектеп директоры Ж.Т. Нүсіпжан кеш қонағы жайлы өзінің жылы лебізін білдірді.

Кездесуге аса дайындықпен келген оқушылар сахнадан өлең оқуға құлшынып

отырды.

Кеш соңында ақынмен естелік суретке түстік

Ұстаздар да ақын өлеңдерінен зор шабыттанып, өз ризашылықтарын білдірді.

Патима Әбдіханқызы Мұсаева

Астана қаласы №74-мектеп-гимназиясының

өзін-өзі тану пәні мұғалімі.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.